

«Тарих толқынында»
Н.Назарбаев

Орындаған: Утегалиева Г.А

Тексерген: Саржанова С:С

«Тарих толқынында»

Кітаптың оқшау есте қалар ерекшелігі — әркімді ұлт есебінде өзін-өзі тануға, ұлтының тегін, тарихын, мінезі мен қасиетін саралауға үндейді. Қазақ, біз қандай ұлтпыз, «Мен» дегізерлік, мақтан етерлік қасиеттеріміз қандай, ел-жұртымыздың арғы-бергі тарихында ұрпақтар айта жүрер тарихи тұлғалар, руханият көсемдеріміз кімдер? Болашағымыз қандай, қайда барамыз, ел есебінде аңсаған- көксеген мұраттарымыз нендей? Кітап авторын әрбір естияр азаматтың намысын түрткілер осы алуанда жүрекжарды сұрақтардың барлығы толғандырады. Туған елінің бар ауыртпалығы жан- жүрегін шамырқандырған Елбасы ештеңені бүкпей, ашық сырласады. Бірде арғы, бірде бергі тарих қойнауларына сүнгіп, бірде әлем кеңістігіндегі әрқилы елдер беталысына зер сала отырып, туған елі — Қазақстанның алыс-жақын болашағына көз тігеді. «Тарихтағы өз орныңды білу, бабаларыңды ру төмпешігінің деңгейінде емес, жалпы ұлттық өреде мақтан тұту, ұлан-байтақ Еуразия тарихында ұлы істерге ұйытқы болған қазақтар мен олардың бабаларының өзіндік орнын танып-түсіну, ұлттық қадір- қасиетінді қорлайтын жаттанды жаралардан арылу — міне, ұлттық тұтастыққа кепіл болатын бігінгі күннің ең қуатты тетіктері осылар» — деп тебірене сыр ашады автор.

Мәселе — ұлттық қасиеттерді дәріптеуде ғана емес, қайта ұлттық салт-сана мен дәстүрдің жаңа заманға орай ұлттық түлеуімізге, бірлігімізге, Қазақстан дейтін мемлекетіміздің нығаюына қызмет ететін оңды, өркенді үлгілерін жарқырата жаңғыртуда, аяққа оралғы болатын кертартпа атаулыны аластауда. Елбасы кітабынан осындай сәулелі, жарқын ойлар маздайды. Қазақ дейтін ештеңеден кенде, ешкімнен кем халық емес. Ол — дана халық, дарынды халық, сайыпқыран халық. Оның көп ғасырлық тарихы да, бүгінгісі де, ертеңгі болашағы да кербез әрі кемел екеніне күмәніңіз болмасын!



Ұлттық сананы өзгерту үшін ұлттық тарихымызды түгендеуіміз қажет. Осы мәселені, тарихшылар, әдебиетшілер емес, қазақтың тарих таңдаған перзенті, еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев көтерді. Ол егемендік, тәуелсіздік алған қазақ елінің тарихын өзінен бастаған жоқ. Ол 1999 жылы «Тарих толқынында» атты танымдық-зерделік кітап жазды. «...Мен қазақ болғандықтан, қазақ мемлекеттігінің ғұмыр-шежіресін ізге көтерген кезден бастағанның өзінде, қазақтың бес ғасырлық төл тарихын білуге тиіспін. Бұған қоса бүкіл түркі халықтарының тарихи бесігі - түркі қағанатын естен шығаруға болмайды, ал бұл дегеніміз, асау аттай 1500 жыл бұрынғы тарихи кезең...» (Н.Назарбаев. Тарих толқынында. А. 1999. 5 б.). Н.Назарбаев осы талғам-таным кітабында тарихшылар алдында тұрған келелі, кезеңді міндеттерді айқындап берді. Ол: - Ұлт мәдениетінің ұлы тұлғалық-кезеңдік тарих сахнасындағы орнын айғақтау; - Бүгінгі таптаурын жолдан шығып, тарихты безбендейтін жол тауып, тәсіл жасау; - Біз кімбіз, шұғыл тарихтың жолы бізді қайда апарды және қайда апармақ? - Жойдасыз ауыр міндетті тарихшы кемесі жолаушы келер ұрпаққа жеткізуге тиіс; - Тарихқа археологиялық зерттеулер тұрғысынан қарамай, өмір тану тұрғысынан қарау керек; - Бүгінгінің тұнығы мен тұманы қабаттасқан тарихтың тұңғыығы мен тамырластығын ашу қажет.


Нұрсұлтан Назарбаев қазақ тарихының он екі кезеңін атап өтті:

1. Қазақстанның бүкіл аумағын қамтитын көшпелі, ежелгі арийлердің қоныстануы. Оған Сынтасты, Арқайым қорым-кешендері кіреді.




2. Осыдан 4-5 мың жыл бұрын арийлер солтүстіктен оңтүстікке, оңтүстік Оралдан Үнді өзені бойына ығысты. Сақ патшаларының Есіктегі, Бешатырдағы қорғандары одан кейінгі дәуірдің белгілері.

3. Осыдан 3-4 мың жыл бұрын Гоби маңында ғұндар билік құрды. Олардың бір тобы бір ғасырдан соң бүгінгі қазақ даласына құлады. Тәңірге табыну бас талды.




4. Осыдан 1,5 мың жыл бұрын ғұн нәсілдері - түркілер - Ашина руының түркілері жинақталып, кейін олар түркі қағанатын - Мәңгілік ел қалыптасты. «Қорқыт ата» аңызы сол заманның тарихи сарыны.

5. Бұдан 1300-1100 жылдар бұрын түркі халықтарының рухани орталығы Шығысқа көшті. Ол Орхон-Енисей жазбаларында таңбаланды. Тоныкөк, Күлтегін рунасының жазбаларын, қырыққа тән жәдігерлерді енгізуге болады.



6. Осыдан 1100-900 жылдар бұрын Қазақстанға ислам діні дендеп енді. Араб әріпі руна жазуын ығыстырып шығарды. Ғылым-білім дамыды. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари сол заманның сөнбес жұлдыздары.



7. XI ғасыр түркілерден шыққан тұңғыш сопы - Қожа Ахмет Йассауи хикметтерімен ерекшеленеді.

8. XII-XIV ғасырлар Шыңғыс хан мен оның ұрпағын жаулаушылық бірыңғай қазақ халқының табиғи дамуына кесел болып жабысты, қанжоса болды. Сол кезде қазақтан Майқы би шықты. Ол қазақтың үш жүзінің таңбаларын тасқа қашады. Үш жүз өзінің жауынгерлік ұранын алды. Ұлы жүз - Бақтияр - Бақыт, Орта жүз - Ақ жол - Әділет, Кіші жүз - Алшын - От-ана. Олардың ортақ ұраны - Алаш болды.



9. XV-XVIII ғасырлар қазақ хандығы құрылуымен биік сапаға көтерілді. Асан қайғы, Шалкиіз, Бұқар жырау қазақ руханиятының алтын ағысына айналды. Жәнібек пен Керей хан қазақ деген атауды тарих сахнасына алып шықты. XVII ғасырдың бірінші жартысында - Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би Тәуке ханмен бірге «Жеті жарғыны» жасады. 1729 жылы Аңырақай шайқасы қазақтың болу-болмауы туралы мәселені шешті. «Біз күні бүгінге дейін осынау ұлы оқиғаның тиісті бағасын бергеніміз жоқ»!



10. Бұл XVII-XIX ғасырларды қамтиды. «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» кезі еді. Осы кезеңде тарих сахнасына Абылай хан келді. Қазақ елі Ресейдің боданына кірген тұс та осы кезең. Осы сәтте жарқ етіп қазақ көгіне Шоқан мен Абай шықты.

11. XX - XIX ғасыр Ресейдің гүлденуі де, құлағалы тұрған кезеңін белгілейді. Қазақ өз мемлекетін құруды көздеді. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов Алашорда үкіметін құруға ұмтылды. Қазақ төңкерісі сөз жүзінде еркіндік әкелгенімен, шын мәнісінде қасіретті жаңа бір кезеңге ұласты. 70 жыл бойы коммунистік жүйе қазақтың ұлттық рухын жоғалтуымен айналысты. Тілінен, дінінен айырылған халық қалыптаса бастады.

12. 1986 жылы Желтоқсан көтерілісі қазақтардың рухын оятты. Алып СССР құлады, қазақ егемен, тәуелсіз мемлекет құру құқығына ие болды. Елбасы - Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың осы атақты еңбегі 1999 жылы жарық көріп еді. Содан бері он төрт жыл өте шықты. Қазақ елі тарихының концептуальды жолы тайға таңба басқандай жазылған-ды. Қазақтың рухани тарихы қазақтың тарихи тұлға ретінде қалыптасқанынан жазылып отыр. Ұлы далада өз өрнегін салған, ұлттық құндылығын, тарихын жасаған, жерін қалыптастырып, қоғамдық қатынас орнатқан халық қана рухани дүние қалдырмақ. Сондықтан да рухы мықты елдің тарихы да мықты екенін таразылайтын сәт келді.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!

